



2006-01-26:

КАИР МЕДРЕСЕЛЕРІН БАСҚАРҒАН ОТЫРАР ИМАМЫ

(Ортағасырлық отырарлық ғұлама Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани жайлы)

1. Атқан, Итқан (Иқан), Отырар, Түркістан

Назарымызды аударған оның Атқани, Итқани (Иқани) деген аты-жөні еді. Өйткені Түркістанның шығыс кіре берісі мен Отырардың солтүстік өкпе тұсында, яғни одан шамамен 40-50 шақырым жерде ескі Иқан деп аталатын кент бар. Қазақ Совет энциклопедиясында ол туралы: “Иқан орта ғасырларда салынған елді мекен; Түркістан қаласының оңтүстік шығысындағы қазіргі ескі Иқан бұрын солай аталған. Иқан қаласының негізі қашан қаланғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Хафиз-и Таныш (1549-1605) “Абдуллонаме” атты еңбегінде Бұхара ханы Абдуллоның 1582 жылы Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы жорық жасаған кезде Иқанға тоқтап өткенін жазады. XVIII ғ. жасаған белгілі тарихшы П.И.Рычков “Орынбор губерниясының топографиясы” деген еңбегінде Иқанда 300-ге жуық үй болғанын және оның тұрғындары егін шаруашылығымен айналысқанын сөз еткен. Орта ғасырларда Иқан Түркістан өлкесі қалалары қатарында едәуір рөл атқарған” деп жазылған. Осы ескі Иқанның орны қазірге дейін сақталған. Ол Түркістан ауданы Иқан ауылының орталығында. “Жалпы жобасы трапеция іспетті, биіктігі 6-7 метр төбешік, бұрыш-бұрышы дүниенің төрт түстігіне қараған. Табан өлшемі: Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қараған жағынікі 300 метрден астам, солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қараған жағы 225 метр. Қала орнының оңтүстік шығыс бөлігінде қамал-сарайдың қалдығы төбешік болып жатыр, жоғарғы алаңқайының ауқымы 50-50 метр. Шаһристан ішіндегі қақпа батыс бұрыштың солтүстік батыс жағында орналасқан, төбешік үстінде – мұнара қалдығы бар”.

Иә, Отырар мен Түркістан маңында орта ғасырларда Иқан атты кент, яки қамал, немесе елді мекен болғандығы жайлы біздің тарихшыларымыз бен археологтарымыздың еңбектерінде айтылады. Олар Оңтүстік Қазақстанның ежелгі қалаларына сипаттама жасағанда оны да әдетте атап өтеді. Бірақ отандық зерттеушілер еңбектерінде ол Иқан деп жазылса, ал араб тілді бұлақ көздерінде Атқан, немесе Итқан деп көрсетілген.

XVI ғасырда Мұхаммед Шайбани ханның (1451-1510) жасақтарымен бірге Сыр бойы мен Оңтүстік Қазақстанда да жорықта болып, қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, шаһарлары мен кенттері, қамалдары мен елді мекендерін өз көзімен көрген Әбу-л Хайыр ибн Рузбихан әл-Хунджи Исфәһани (1457-1524) “Михман наме-йи Бұхара” – “Бұхара мейманының жазбалары” атты еңбегінде Иқанды Түркістан бекіністерінің бірі десе, Таяу Шығыстық атақты тарихшы, белгілі тәпсірші Джалал ад-Дин Әбу-л Фадл Абд ар-Рахман ас-Сүйути (1445-1505) “Лубб әл-лубаб фи тахрир әл-ансаб” – “Ақыл-ойдың насабнамені құрастырудағы өзегі” атты еңбегінде: “Атқан – Фараб кенттерінің бірі, одан әл-Атқани шыққан” деп жазады. Мұны Египет тарихшысы – Джамал ад-Дин Әбу-л Махасин ибн Тагриберди [Тәңірберді] (1411-1465) “Әл-Манһал ас-сафи уа-л мустауфи баъд әл-уафи” – “Таза бұлақ және “әл-Уафиден” кейінгі толық жинақ” және Ахмед Ташкупризаде атты есімімен көбірек мәлім түрік жазушысы, полигистор Ахмед әл-Мұстафа (1495-1561) “Мифтах ас-сағада уа мисбах ас-сағада фи маудуғат әл-улум” – “Ғылыми пәндердегі бақыт кілті және бақыт шамы” атты шығармаларында: “Атқан – Фараб кенттерінің бірі” деп қостайды.

Міне, осы Иқаннан (Атқан, Итқаннан) шыққан да парасат иелері бар. Соның бірі Әмір Кәтіб бин Әмір Умар әл-Атқани. Оның өмірі һәм шығармашылығымен біз “Қазақ даласының жұлдыздары” атты еңбегімізде 1995 жылы тұңғыш рет қысқаша таныстырғанбыз. Онда ғалымның алғашқы білімді өз отанында алып, одан кейін Иқан медреселерінің бірінде ұстаздық еткенін, соңыра Орта Азиялық ойпаз Бұрһан ад-Дин әл-Марғинанидің (1123-1197) “әл-Һидая” – “Басшылық” атты еңбегіне түсіндірме жазғаны һәм ғалым бабаның ол дүниелерін Ташкент пен Ресей кітапханалары қолжазба қорларынан ұшыратқанымыз туралы айтқанбыз.

Содан бері біраз жыл өтті. Бірте-бірте қолымызға ол жайлы басқа да жазба деректер түсе бастады.

2. Ғалымның тегі

Әмір Кәтіб XIII ғасырдың 20-жылдары, тарихымыздағы “Отырар апаты” атты қасіреттен 66 жылдан кейін дүниеге келген. Бұл моңғол шапқыншыларының қазақ жерлерін де басып алған соң, оның Шыңғыс ханның үш үлкен ұлына бөлініп берілген кез еді. Сөйтіп Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Жент, Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді т.б. шаһарлары бар Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, яғни Жетісудың үлкен бөлігін Шағатай мен оның ұрпақтары кезегімен биледі. Бұл тұста еліміздің қираған қалаларының кейбірі қалпына келтіріліп, жұрт жарасын емдеп, еңсесін қайта көтере бастаған деуге болады. Бұрынғы ғылыми-мәдени, діни-рухани ордалар біршама қалпына келіп, жұмыс істей бастаған.

Таяу және Орта Шығыс жұртының осы ғасырлардағы діни-рухани, мәдени өмірін сипаттаған шежіреші және жалпы ислам тарихы білгірлерінің еңбектерін парақтар болсақ, олардың ішінен Қауам ад-Дин жайлы жазған қаламгерлерді де ұшыратамыз. Бұл ретте аз-Заһаби, ас-Сафди, Мұхи ад-Дин Қураши, Ибн Хатиб, Ибн Фархун, әл-Мақризиді, Ибн Хаджар әл-Асқалани, Ибн Тагриберди, Ибн Шихна, ас-Сахауи, ас-Суйути, Ахмед Ташкупризаде, Тақи ад-Дин ат-Тамими ад-Дари әл-Ғаззи, әл-Хұсайнидің жазбалары аса көңіл аударарлық. Өйткені олар Иқан перзентінің замандастары, немесе одан бар болғаны бір-екі ғасыр ғана кейін ғұмыр кешкендер.

Қауам ад-Дин жайлы соңыра XVII ғасырда да қалам тербегендер жоқ емес. Солардың арасынан Хаджи Халифаны ерекше атау керек. Өйткені оның дүниелері өзіне дейінгі ойпаздар деректеріне сүйеніп жазылуымен де құнды.

Біз міне осыларға, сондай-ақ XX ғасырда өмір сүрген Умар Рида Каххала мен қазіргі Мысыр әдебиетшілері – Мұхаммед Заглүл Салам мен доктор Махмуд Фуадтың ғалым баба туралы жинаған материалдарына да иек артқанымызды, олардың бізге жақсы бағдар болғанын атап кеткеніміз жөн.

Осындай сөз зергерлері туындыларына үңілсек Қауам ад-Диннің ата-тек ныспысы онда түрліше жазылатынын байқаймыз. Тарихшы Тақи ад-Дин әл-Мақризиді (1365-1441) “Китаб әл-мауағиз уа-л иғтибар би зикри-л хутат уа-л асар” – “Уағыздар және (Алла тағаланы) зікір етудегі тәсілдер мен еңбектерді негізге алу жайлы кітап” атты шығармасында (әдетте ол “хутат әл-Мақризиді” – “Әл-Мақризидің тәсілі” деп аталады) оны Қауам ад-Дин Әмір Кәтіб бин Әмір Умар әл-Әмид бин әл-Әмид Әмір Ғаззи әл-Атқани деп көрсетсе, исламтанушы Шиһаб ад-Дин Әбу-л Фадл ибн Хаджар әл-Асқалани (1372-1449) “Ад-Дурар әл-камина фи ағйани-л миъати ас-самина” – (нижраның) VII ғасырындағы белгілі адамдар жайлы сақталынған жауһарлар” деген кітабындағы Иқан ғалымына арналған үш беттік материалын – “әл-Хусайни (? - ?) “Зайл” – “Қосымша” атты еңбегінде оны “Лутфулла” деп атайды деген жолдармен бастайды.

Сондай-ақ бабамызбен бір мезгілде өмір сүрген Мұхи ад-Дин Әбу Мухаммед Абд әл-Қадыр әл-Қураши әл-Ханафи (1296-1373) “Әл-Жауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа” – “Ханафи (мазһабы ғұламаларының) топтары жайлы жарық жауһарлар” атты еңбегінде оны әл-Атқани емес, керісінше “әл-Итқани” деп атайды да, әрі қарай “білгір имам” (әл-имам әл-аллама) Қауам ад-Дин Әмір Кәтіб бин Әмір Умар әл-Амид әл-Фараби Әбу Ханифа” деп жазады.

Ибн Хаджар әл-Асқаланидің тағы бір “Табсир әл-мунтабаһ би-тахрир әл-муштабиһ” – “Күмәнді сейілтудегі тыңғылықты ойды көрсету” деген еңбегінде Иқан ұланы “әл-Отрари” деп көрсетілген де “фақиһ (мұсылман заңгері), (нижраның) 700 (1301) жылынан кейін Отырардан Мысырға келді. Отырар түрік елі, (ол) Жайхун (дұрысы Сейхун – Сырдария) жағасындағы үлкен қала” деп жазылған. Десе де Ибн Хаджар әрі қарай бірақ “Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Ханафи Сургатмишия медресесі алғаш ашылғанда сонда дәріс берді, “әл-Һидаяға” түсіндірме жасады” деген қысқаша мағлұматпен шектелген.

Түркі текті әл-Маулай Мұстафа бин Абдалла әл-Қустантини әр-Руми әл-Ханафи (1609-1657) (әдетте Кәтіб (хатшы) Челеби немесе Хаджи Халифа есімімен көбірек танымал тарихшы) “Қашф аз-зунун ан асами-л кутуб уа-л фунун” – “Кітап және ғылым аттары туралы күмәндарды ашу немесе күдіктерден сейілту” атты еңбегінде оны Қауам ад-Дин десе, ал Ибн Фархун әл-Малики (?-1397) “Ад-Дибаджу-л мазһаб фи мағрифати аъйан уламаи әл-мазһаб” – “Мазһабтың белгілі ғұламаларын таныстырудағы жібек жол” атты шығармасында “Қауам ад-Дин Әбу Ханифа” дейді де, әрі қарай есімін “Әмір Кәтіб Әби Мұхаммед бин Ғаззи әл-Итқани ат-Түркістани” деп көрсетеді. Бұл жерде оның ғалым ныспысына өзгелер атамаған “Әби Мұхаммед” деген есімді және тегінің соңына “Түркістани” деген сөзді қосып жазғанын байқаймыз.

Умар Рида Каххала (1905-1987) “Муғджам әл-муаллифийн” – “Шығармашылар сөздігі” атты еңбегінде оны “Әмір Кәтіб бин Әмір Ғаззи әл-Фараби әл-Итқани әл-Ханафи (Қауам ад-Дин)” деп көрсетеді де, “фақиһ, тілші (луғауи), хадисші (мухаддис), шаууал айының 19-да Итқанда туылған” дей отырып, өмірі жайлы қысқаша деректер келтіреді, яғни оның Бағдад, Мысыр, Шамда қызмет еткенін, Каирде шаууал айының 11-де қайтыс болғанына тоқталады.

Тақи ад-Дин бин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-Дари әл-Ғаззи (?-1596) “Ат-Табақат ас-суннийа фи тараджим әл-Ханафийа” – “Суннит топтары (ішіндегі) Әбу Ханифа (мектебі) ғұламаларының өмірбаяны жайлы” деген еңбегінде Иқан ұланының өзін “Қауам ад-Дин әл-Фараби әл-Атқани” деп те жазғанын еске алады.

Ибн Хаджар әл-Асқалани мен Ибн Фархун әл-Маликидің аталмыш дүниелерінде оның аты сондай-ақ суннизмнің 4 мектебі бірінің негізін салған Әбу Ханифа ибн Сәбиттің есімімен (699-767) “Әбу Ханифа” деп те айтылады. Дей тұрғанмен Иқандық ғұлама бір өлеңінде өзінің аты-жөні жайлы:

— “Әбу Ханифа – күниям, ал сонан соң,
Қауам ад-Дин болды лақап ат(ым)”, – дейді.

Аты-жөні дегеннен шығады, Иқан перзентінің сөйтіп тек Атқани немесе Итқани ғана емес, сондай-ақ әл-Фараби және тіпті Түркістани деп те көрсетілетінін байқадық. Өйткені Иқан шағын кент, яки қамал, немесе елді мекен ғана болғандықтан Қауам ад-Дин өз тегіне Иқанды ғана емес, сондай-ақ бірде Фарабты, енді бірде Түркістанды қосып жазып отырған сияқты. Бұған мысал ретінде отырар-

лық тілші, ғалым Исмайыл әл-Жауһари әл-Фарабиді (?-1008) атасақ та жетіп жатыр. Ол да осылай еткен.

Сонымен оның есімдер тізбегін саралар болсақ — Әбу Ханифа күниясы, Қауам ад-Дин және Лутфулла лақап есімдері. Өзінің азан шақырылып қойылған аты Әмір Кәтіб. Әкесінің аты – Әмір Умар әл-Әмид. Бабасының есімі әл-Әмид Әмір Ғазы. Ал Атқани, Итқани, әл-Фараби, Түркістани жоғарыда айтылғандай оның туған жерін білдіреді. Білдіреді демекші Атқан араб тілінде (бір нәрсені) “толық меңгеру”, (бір нәрседе) “шеберлік таныту”, ал Итқан – “кемелділік”, “шеберлік” деген мағынаны білдіретінін де еске ала кеткен жөн. Ал ғалымның туған жері Атқан, немесе Итқан, яки қазіргідей Иқан деп қашаннан бері аталады мәселесі қосымша зерттеуді талап етеді.

Үлкен парасат иесі өзі көрсеткеніндей және жазба деректердің көпшілігі де ол туралы сөз қозғағанда оны Қауам-Дин деген лақап есімінен бастайтындықтан, біз де сол дәстүрді бұзбай, оны осы есімімен атай отырып зерделегенді жөн көрдік.

Араб тілді жазба деректерде Қауам ад-Диннің Түркістан мен Фараб төңірегіндегі Атқан (Иқан) кентінде һижраның 685 (1286) жылы шаууал айының 19, сенбі күні түнде дүниеге келгені айтылады. Әуелгі білімді ол өз отанында алған. Бірақ дәл қай жерде – Отырар немесе Иқан яки Түркістан, Усбаникет (Қараспан), немесе Исфиджаб-Сайрамда оқыды ма, өкінішке орай ол туралы деректер жоқ. Араб тарихшылары оның медресені тәмамдаған соң Әбу Ханифа мазһабын шұқшия зерделегеніне тоқталды. Бұл ретте болашақ кемеңгердің қолына әуелі Орта Азиялық ғұламалардың еңбектері іліккен. Әсіресе ол Ахсикати мен Марғинанидің шарифат жайлы туындыларына көбірек үңілген.

Ахсикат (Ахсикет, Ахсикас, Ахси) қазіргі Әндіжан қаласының солтүстік батысында, Сырдарияның оң жағалауындағы қала. Ол Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) туған бөлесі, ұрпақтары Үндістанды үш ғасыр билеген, көрнекті мемлекет қайраткері, әлемдік ірі тұлға Мұхаммед Захир ад-Дин Бабырдың да (1483-1526) отаны.

Біз осы шаһарлық, яғни Ахсикати атты үш дара тұлғаларды білеміз. Біріншісі тілші, тарихшы Мұхаммед бин әл-Қасым Ахмад бин Мұхаммед бин әл-Қасым Әбу-л Уафа Ахсикаси (?-1125). Екіншісі – соның баласы Ахмад бин Мұхаммед бин әл-Қасым бин Хадий (?-1133). Ол “Тарих Фарғана” – “Ферғана тарихы” және “Аз-Зауаид фи шарх “Сикт аз-Занд” ли Әби-л Әла әл-Мағарри” – “Әбу-л Әла әл-Мағарридің (973-1057) “Сикт аз-Занд” (“Ұшқынның жарығы”) деген еңбегіне қосымша түсіндірме” атты шығармалардың авторы.

Үшіншісі – трактаттары Қауам ад-Дин болашағына жол сілтеп, бағыт-бағдар берген Әбу Абдалла бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Умар Хусам ад-Дин әл-Ахсикаси (?-1246). Ол Әбу Ханифа мазһабы бойынша заңгер, “Әл-Мунтахаб фи усул әл-мазһаб машһур инда әл-улама” – “Ғұламаларға танымал мазһаб негіздерінің таңдамалы (жинағы)”, “Усул әл-Фикһ” – “Фикһ негізі” атты кітаптардың авторы.

Қауам ад-Динге соңғы ғалым шығармалары үлкен әсер еткен. Сөйтіп ол осы Хусам ад-Дин әл-Ахсикаси шығармасының түсіндірмесіне ден қойып, оны 1315 жылы 31-ге толғанда түгел оқып шығады. Соған қарағанда Қауам ад-Динді білімін молықтырып кемеліне келгенше, яғни 1317 жылға дейін Отырар мен Түркістанда қала берген, немесе Самарқан мен Бұхарадан шығандап шыға қоймаған деуге болады.

Бұл кездері тек Самарқан мен Бұхара ғана емес, сондай-ақ Орта Азияның Ахси, Насаф (Нахшаб, Қаршы), Термез, Мары, Үргеніш, Хиуа сияқты шаһарлары да Ислам діні мен мәдениеті, ғылымы мен білімінің үлкенді-кішілі орталықтары еді. Осындай ілім ордаларынан шыққан ғалымдар, уәлі ауыз даналар, парасат иелері ондап емес, жүздеп саналады. Қауам ад-Диннің әуелде Орта Азиядан алысқа ұзамауының бір себебі де осында ма деп ойлаймыз. Өйткені ол сондай шаһарлар ғұламаларынан дәріс алды. Отырарда имам болды.

Өзге де мұсылман елдеріндегідей Орта Азияда да әсіресе шарифат мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Өйткені ол мұсылман баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмір тіршілігінің сан-алуан қырларын қамтитын. Шарифат қасиетті Құран мен хазреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннасына негізделген және алты ғылыми пәндерді қамтиды.

1. Илм ат-тафсир әл-Құран – Құранға түсіндірме жасайтын ғылым.
2. Илм әл-хадис – Хазреті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.ғ.с.) айтқан сөздері, әңгімелерін жинайтын, зерттейтін ғылым.
3. Илм әл-калам, немесе Усул ад-Дин – Ислам дінінің теориялық негізін зерттейтін ғылым.
4. Илм усул әл-фикһ – Фикһ негізі мен бұлақ көздерін зерттейтін ғылым.
5. Илм әл-фиқһ – Фикһ салаларын зерттейтін ғылым (Практикалық фикһ).
6. Илм әл-фараид (фараиз) – Марқұм мүлкінің ұрпақтары арасындағы бөлінуін зерттейтін ғылым.

Бір сөзбен айтқанда шарифат мұсылманның өмір сүру заңы. Олай болса қазақ жері ілім ордаларының өкілдері де Ислам діні мен ілімін шұқшия зерделеуге, оны өз жұртында да насихаттауға барынша көңіл бөлді. Бұл ретте Мауараннаһр ғұламаларының Құран Кәрім, хадис, тәпсір, мұсылман заңын сөз ететін еңбектері де араб жұртында кеңінен пайдаланылғанын айту ләзім.

Қауам ад-Дин сөйтіп бұрын өткен Отырар ғұламалары сияқты Шам жұрты мен Ніл бойы һәм Месопотамиядағы Ислам ғылымының ірі орталықтарына барып білімін молықтырғанды жөн көрді. Сонымен аттанар күн де келді.

Иқан – Отырар – Түркістанның арасы жазық дала. Қауам ад-Дин шаһар шетіне шықты. Керуен күтіп тұр екен. Жолбасшы түйелердің біріне отыруға ишара етті. Ол Иқанға, туған қаласына қайырыла ұзақ қарады. Алыс сапардан орала ма, жоқ па?! Жусан исі келеді. Бір түбін үзіп алып иіскеді де қалтасына салды. Көзі жасаурап Иқанға тағы бір көз тастады. Керуен қозғала бастапты. Алда қауіп, қатері, қиыншылығы мол жол жатты. Алда ғылым, білім, даңқ жолы жатты.

3. Дамаск, Каир сапары. Бағдатта өткен 25 жыл

Қауам ад-Дин содан 1319 жылы әуелі Дамаскіге келіп ұстаздық етті. Соған қарағанда оны өз отанында-ақ араб тілін жақсы меңгерген деуге болады. Отаны демекші орайы келгенде айта кетейік, Мауараннаһр елінің Таяу және Орта шығыс жұртымен рухани, мәдени, ғылыми байланысы тұрақты болған. Мұндай игі ауыс-түйіс, барыс-келістің іргетасы Орта Азияға Ислам діні келісімен-ақ қаланған. Бірте-бірте жұртымыздың өмір тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тілі, әдебиеті мен мәдениетіне шарифат, фиқһ (мұсылман заңы), фақиһ (мұсылман заңгері), адаб — әдеп, адабиат — әдебиет, мухаддис (хадисші), мантық – логика, луғат – тіл, сөз; лұғауи – тілші, кітап, дәптер, қалам, дәріс, мударрис (оқытушы, дәріс беруші), хафиз (Құранды жатқа білуші), қари (Құранды мәнерлеп жатқа оқушы) секілді және тағы да басқа көптеген сөздер енді.

Араб дүниесінің түрлі ғалымдары, саяхатшылары, тарихшы, шежірешілері, дін қайраткерлері Жейхун (Әмудария) мен Сейхун (Сырдария) өлкесі туралы көрген-білген, естіген, тоқығандарын хатқа молынан түсірді. Бірсыпырасы тіпті осы жерлерде Ислам ілімі мектебінің іргетасын қалап, ұстаздық та еткен. Жергілікті жұрттың талапты ұландарынан мамандар даярлап, жаңа жерлерде Ислам діні мен өркениетінің өркендей беруіне барынша мүдделілік танытқан.

Өз кезегінде Қазақстанның оңтүстігі мен Сыр бойы қалалары және кенттерінің Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950) сияқты дарынды ұлдары да Шам мен Ирақ, Мысырға барып, білім алып қана қоймай, түрлі дәрежедегі қызметтер де атқарған. Олардың арасында тіпті сонда тұрақтап, көз жұмғандары да аз емес.

Бұл ретте қазақ даласының тағы бір асыл перзентін атап кетуге тиіспіз. Ол Сығанақта туып, Шам елінде, яғни Сирияның ежелгі ірі рухани, мәдени ордаларының бірі Халабта қызмет етіп, мұнда Қауам ад-Дин келердің алдында 1310 жылы қайтыс болған, әдетте ас-Сығанақи әл-Ханафи деп аталатын Хусам ад-Дин әл-Хұсейн бин Хаджджадж ас-Сығанақи. Ол да Иқан ұланы сияқты Хусам ад-Дин әл-Ахсикасидің “Китаб әл-мунтахаб фи усул ад-Дин” – “Дін негізі жайлы таңдаулы кітап” және Бұрһан ад-Дин әл-Марғинанидің “әл-Һидаясына” – “Басшылыққа” түсіндірме жазған. Оның әуелгі еңбегі Париж бен Каир кітапханаларының қолжазба қорында тұр. Сығанақтық баба да Қауам ад-Дин сияқты өзіне лақап етіп Әбу Ханифа есімін алған.

Махмуд Фуад Қауам ад-Диннің Дамаскіге келген кезде жоғарыда айтылған Бұрһан ад-Дин Әбу-л Хасан бин Әбу Бәкір әл-Марғинанидің (1123-1141) “әл-Һидая” – “Басшылық” атты еңбегіне Сығанақи сияқты түсіндірме жазып бітіргенін айтады. Қазақ даласының талантты екі перзентінің де “әл-Һидаяға” түсіндірме жазғаны жайдан-жай емес. Өйткені бұл еңбек күні бүгінге дейін Әбу Ханифа мазһабы бойынша озық дүниелердің бірі саналады. Оған Сығанақ, Иқан перзенттерінен басқа да көптеген ғұламалар түсіндірмелер жазған.

4. Дамаскіде. Мысырға аттану. Шам астанасына қайтып оралу. Мешіттегі жанжал

Қауам ад-Дин 1345 жылы Шам астанасына оралады. Өйтсе де онда бар-жоғы бір-ақ жыл тұрып, 1346 жылы Мысырға кетеді. Бірақ қайтадан Дамаскіге келіп “Дар әл-хадис аз-Заһирийя” медресесінде ұстаздық етеді.

Шамға түркілердің (оғыз тайпаларын құрайтын селжұқтардың) әсері едәуір болған. Оғыз тайпалары орта ғасырларда Орта Азияның солтүстігінде тіршілік еткен. Осы жерден XI-XII ғ. Кіші Азияға жорыққа аттанған олар Шам жұртымен де алқа-қотан байланыста өмір сүріп, Сирия тарихында да елеулі із қалдырған. XIV ғасырда мұнда Ақсақ Темір (1336-1405) де ат ізін салды, яғни Сирияның Орта Азиялық түркілермен байланыстары әсте де үзілмеген.

Қауам ад-Дин Дамаскіде, жоғарыда айтылғандай “Дар әл-хадис аз-Заһирийя” және “Әл-Кунхийя” медреселерінде сабақ берген. “Заһирийя” араб әлеміне әйгілі, қасында ежелгі кітапханасы бар оқу орны болатын. Ол қазір де бар деседі. Осы маңда кезінде Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс жерленген (1217-1277).

Дегенмен Иқандық баба Дамаскіде бір жылдай-ақ тұрған. Хаджи Халифаның айтуынша оған Қауам ад-Дин мен Тақи ад-Дин ас-Субки (1296-1373) арасындағы дін мәселесі бойынша талас-тартыс себеп болған. Қауам ад-Дин Дамаскіге келген соң бірде намазды халифаның Дамаскідегі өкілі, қала әкімі Әмір Сайф ад-Дин Йолбуға ан-Насиримен бірге оқиды. Имам сәжде жасап, орнынан түрегелгенде екі қолын көтереді. Қауам ад-Дин оған Әбу Ханифа мазһабы бойынша олай етуге болмайтынын айтып салады. Бұл туралы жерлесіміздің өзі: “25 раджабта Шамға келген соң, рамадан айының 27-інде, кешке Сайфтың орынбасарымен ұшырасу құрметіне ие болдым. Жұрт ақшам намазына жиналған еді. Имам сәждеден тұрған кезде екі қолын да көтерді. Сол себепті мен намазымды қайта оқыдым. Сонан соң одан: Сен (Имам) Малик (713-795) яки (Имам) Шафиғ (767-

820) мазһабындасың ба? – деп сұрадым. Ол: – Мен (Имам) Шафиғ мазһабындамын, – деді. Мен оған: – Егер Шафиғи мазһабындағыдай рүкүғдан соң қолдарыңды көтермесең де намазың бұзылмайтын еді және одан өзіңнің де ештеңең кетпес-ті. Қолыңды көтергендіктен біздің (Ханафи мазһабы бойынша) намазымыз бұзылды. Егер қолыңды көтермегенде намазың дұрыс болар еді, – дедім.

Имам ескертуімді қабылдады. Әкім бұл сөздерді естіді. Ол біздің Ханафи мазһабын ұстанатын кейбір имамдарды жазғырып:

— Неге маған бұны үйретпегенсің (дер), — деді.

Имам абыройы түсіп қалады деп қорыққандықтан көпке дейін үндемеді, сонан соң тәкаппарлықпен:

— (Қол көтергеннен) намаз бұзылмайды, – деді де Әбу Ханифа мазһабына қарсы сөздерін қайталай берді. Пікіріне бірақ ешқандай дәлелдер келтіре алмады. Сонда біз оған:

— Маххул ан-Насафи намаз бұзылатыны туралы айтып еді ғой дедік. Пікірталасымыз сөйтіп осы дүние (Қауам ад-Дин “Рисала фи рафъи-л йади инда ар-рукуғ уа инда рафғу-р раъси минһу фи-с салати уа адама джаузаһу инда әл-ханафийа” – “Намазда рүкүғқа барған кезде және қайта тұрған кезде Әбу Ханифа мазһабы бойынша қолды көтеруге болмайтыны жайлы трактат” атты еңбегін айтып отыр) жазылғанша жалғаса берді”, – дейді.

Қауам ад-Диннің фақиһ, хадисші, хафиз Маххул бин ал-Фадл ан-Насафиге (? - 930) сүйеніп отырғаны жайдан-жай емес. Ол VIII-X ғасырларда өмір сүріп “Лу’лу’ийат фи-з-зуһд уа-л адаб” – “Зуһд және әдебиеттегі жауһарлар”, “Аш-Шуғағ фи-л фикһ” – “Фикһ (ғылымының) нұрлары” атты белгілі еңбектер жазған, Әбу Ханифаға ең тақау өмір сүрген Орта Азиялық ғалым. Сол себепті де Қауам ад-Дин оның шығармасына арқа сүйеген.

Арқа сүйеді демекші, Мауараннаһр ғұламалары Сирия, Египет және Кіші Азиядағы Ханафи мазһабы орталықтарының жанданып, қалыптасуында, шаригат бойынша қазір де әлемнің сүннит мұсылмандары басшылыққа алатын өте беделді еңбектердің дүниеге келуінде шешуші рөл атқарған. Солардың қатарына Марғұланда жазылған аталмыш “Китаб әл-Һидая”, Бұхарада хатқа түскен “Ақайд”, Самарқанда дүниеге келген “Хикматул айнды” жатқызуға болады.

Иә, Мауараннаһр ойпаздары Ислам ғылымдарының дамуына, әсіресе шаригатқа қатысты әлемге мәшһүр еңбектер жазып үлес қосты. Жаһан жұртының көптеген кітапханаларынан қазірге дейін фикһ (мұсылман заңы), усул ад-Дин (дін негізі), хадистер бойынша IX-XII ғасырларда Мауараннаһр перзенттері жазған еңбектер қолжазбаларын ұшыратуға болады.

Мауараннаһр мұсылман заңының Ханафи мазһабын жетілдіріп, жақсартып, дамытқан бірегей орталықтардың да бірі болатын. Мұсылман заңының Ханафи мектебі Мауараннаһр ғана емес, сондай-ақ Араб халифатындағы да көптеген елдерге кеңінен тарады [22, 1-том, 869].

Сонымен Қауам ад-Диннің сөзі Дамаск қазысы, Имам Шафиғ мазһабы ғұламаларының бірі Тақи ад-Дин Субкиге жетеді. Пікірталаста ол имамды қуаттап, жерлесіміздің айтқанын жоққа шығаратын еңбек жазады. Оны естіген Қауам ад-Дин оған жауап ретінде Әбу Ханифа мазһабы бойынша, имам егер рүкүғдан соң қолын көтерсе, намаз бұзылатынын дәлелдеп трактат жазады. Бұл ретте өз ойын ол Маххул ан-Насафидің Әбу Ханифа айтты деген әңгімесімен дәлелдейді.

Өмір Сайф ад-Дин Йолбұға Қауам ад-Диннің сөзіне сеніп, әуелде оны қолдайды. Ал Тақи ад-Дин ас-Субки болса, Иқан перзентінің дәлелін әлсіретіп, ойын теріске шығаруды жанталаса жалғастыра береді. Нәтижеде Дамаск билеушісі Қауам ад-Динге деген көзқарасын өзгертіп, одан теріс айналып ас-Субкиді ашық қолдай бастаған соң Қауам ад-Динге Дамаскіде қалу ыңғайсыз болады. Ақырында ол Дамаскіні талақ тастап Египетке үшінші рет бет алады.

Намазда рүкүғқа барарда және қайтқанда екі қолды көтеруде Имам Шафиғ (767-820) пен Ахмед ибн Ханбал (780-855) (екі мазһаб жетекшілері) хазреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадис шәріпіне сүйеніп, Алла елшісінің өзі солай етуші еді деп ізбасарларына аталмыш амалды орындауды тапсырған.

Ал Қауам ад-Дин секілді Әбу Ханифа мазһабын ұстанушы әрі оның білгір мамандары хазреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыздың рүкүғқа барарда және қайтқанда әуелі қол көтергенімен, кейінірек олай етпегенін айтып, өзге хадистерге жүгінеді. Ханафи мазһабы ғұламалары Алла елшісі қолын көтеретін еді делінетін хадистердің мансұқ етіліп, күшін жойғанын уәж етеді. Осы тұрғыдан қарағанда Қауам ад-Диннің Дамаск имамына жасаған ескертпесі орынды, яғни намаз ішінде қол көтеру артық амал деп есептейміз.

Бұл оқиға сол жылдардағы мазһабтар (діни мектептер) арасындағы пікірталастың оңай болмағандығын байқатса керек.

Жалпы мазһабтар арасында ғибадат амалдарына байланысты азын-аулақ осындай пікірталастар қазір де анда-санда болса да көрініс беріп қояды.

[\(Жалғасы бар\)](#)

Автори: Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, Бас мүфти.